

## 1-ҚОСЫМША. ЕСЕП БЕРУ ШЕКАРАЛАРЫ, ӨЗГЕРІСТЕР, ЕСКЕРТПЕЛЕР

102-45,102-46,102-48, 102-49

### ЕСЕП БЕРУ ШЕКАРАЛАРЫ

Есептің шекаралары дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп проценті меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында ҚМГ-ге тікелей немесе жанама түрде тиесілі ҚМГ еншілес пен тәуелді ұйымдарын, сондай-ақ қызметін ҚМГ-нің бақылау құқығы бар заңды тұлғаларды қамтиды.

*Шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізілген заңды тұлғалардың тізбесі мынадай ұйымдармен ұсынылған:*

«ҚМГ» «Барлау Өндіру» АҚ, «ҚазТрансГаз» АҚ, «ҚазТрансОйл» АҚ, «АМӨЗ» ЖШС, «ПМХЗ» ЖШС, «ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС, «ҚазМұнай-Теңіз» ЖШС, «ҚазМұнайГаз-Сервис» ЖШС, «KMG International N. V.», «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС, «Қазақтеңізкөлікфлоты» ЖШС, «KMG Drilling&Services» ЖШС, Cooperative KazMunayGas PKI U. A.

*«Энергетикалық ресурстарды пайдалану және энергия тиімділігін арттыру» бөлімінің шекарасы 14 ЕТҮ құрайды, олар топтың энергия сыйымды кәсіпорындарын барынша толық көлемде көрсетеді.*

- «Мұнай мен газ өндіру» – «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Қазгермұнай» БК» ЖШС, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «ҚазГӨЗ» ЖШС, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС, «ҚазақОйл Ақтөбе» ЖШС.
- «Мұнай мен газды тасымалдау» – «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКК» АҚ, «ҚазТрансГаз» АҚ, «ҚазТрансОйл» АҚ.
- «Мұнай мен газды өңдеу» – «Атырау МӨЗ» ЖШС, «Павлодар МХЗ» ЖШС, «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС.

*«Су ресурстарын пайдалану» бөлімінің шекаралары:*

«Қаражанбасмұнай» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Қазгермұнай» БК» ЖШС, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «ҚазақОйл Ақтөбе» ЖШС, «ҚазГӨЗ» ЖШС, «Caspi Bitum» БК» ЖШС, «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС, «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС, «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС, «ҚазТрансОйл» АҚ, «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКК» ЖШС, «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «Азия газ құбыры» ЖШС, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ, «Аманкелді Газ» ЖШС, «Бейнеу – Шымкент газ құбыры» ЖШС, «Магистральдық Суағызғы» ЖШС, «СӨТБ» ЖШС – осы еншілес және тәуелді компаниялар ҚМГ-нің негізгі операциялық активтері болып табылады және Қазақстанның су ресурстарын пайдалануға елеулі әсерін тигізеді:

*«Парниктік газдар шығарындылары» бөлімінің шекаралары ҚМГ-нің мынадай еншілес және тәуелді ұйымдарын қамтиды: «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «ҚазГермұнай» БК» ЖШС, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «ҚазМұнайТеңіз» ТМК ЖШС, «ҚазГӨЗ» ЖШС, «ҚазТрансГаз» АҚ, «ҚазТрансОйл» АҚ, «ПМХЗ» ЖШС, «АМӨЗ» ЖШС, «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС, «CASPI BITUM» БК» ЖШС, Румын МӨЗ, Батуми мұнай терминалы және мұнай сервистік ұйымдар.*

*«Атмосфералық ауа сапасы» бөлімінің халықаралық стипендиялары ҚМГ-нің мынадай еншілес және тәуелді ұйымдарын қамтиды: «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «ҚазГермұнай» БК» ЖШС, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «ҚазГӨЗ» ЖШС, «Өріктау Оперейтинг» ЖШС, «ПМХЗ» ЖШС, «АМӨЗ» ЖШС, «ПетроҚазақстан» CASPI BITUM «БК» ЖШС, «ҚазТрансГаз» АҚ, «ҚазТрансОйл» АҚ, «Бейнеу-Шымкент Газ Құбыры» ЖШС, «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «Аманкелді Газ» ЖШС, «Азиялық газ құбыры» ЖШС, «Казмотрансфлот» ҰТКК» ЖШС және мұнай сервистік ұйымдар.*

*«Шикі газды тиімді пайдалану» бөлімінің шекаралары мынадай ҚМГ еншілес пен тәуелді ұйымдарын қамтиды: «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Қазгермұнай» БК» ЖШС, «Қаражанбасмұнай» АҚ.*

*«Қалдықтарды басқару» бөлімінің шекаралары: «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «Қазгермұнай» БК» ЖШС, «Қазақ газ өңдеу зауыты» ЖШС, «Орал Ойл энд Газ» ЖШС, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС, «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Жамбыл Петролеум» ЖШС, «Өріктау Оперейтинг» ЖШС, «ҚазТрансОйл» АҚ, «Магистральдық Суағызғы» ЖШС, «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКК» ЖШС, «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ, «Азия Газ құбыры» ЖШС, «Аманкелді Газ» ЖШС, «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС, «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС, «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС, «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС, «Caspi Bitum» БК» ЖШС, «Oil Services Company» ЖШС, «Өзенмұнай-Сервис» ЖШС, «Oil Construction Company» ЖШС, «Кен-Құрылыс-Сервис» ЖШС, «KMG EP-Catering» ЖШС, «СӨТБ» ЖШС, «ТКБЖҰҚ» ЖШС, «Маңғыстау-энергомұнай» ЖШС, «Oil Transport Corporation» ЖШС, «Тұлпар Мұнай Сервис» ЖШС, Argymak TransSevice ЖШС.*

*«Қоршаған ортаны қорғауға арналған шығындар» бөлімінің есеп беру шекаралары мыналарды қамтиды: «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «Қазгермұнай» БК ЖШС, «Қазақ ГӨЗ» ЖШС, «ӨзенМұнайСервис» ЖШС, «Аргымак транс сервис» ЖШС, «ТұлпарМұнай-Сервис» ЖШС, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС, «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «ҚазТрансОйл» АҚ, «ҚазТрансГаз» АҚ, «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКК» ЖШС, «Oil Construction Company» ЖШС, «Oil Services Company» ЖШС, «Жамбыл Петролеум» ЖШС, «Өріктау Оперейтинг» ЖШС, «KMG Systems & Services» ЖШС, «Атырау МӨЗ» ЖШС, «Павлодар МХЗ» ЖШС, «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС, «Caspi BITUM» БК» ЖШС.*

*«ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы оқыту» бөлімінің есеп беру шекаралары мынаны қамтиды: «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «Қазгермұнай» БК» ЖШС, «Жамбыл Петролеум» ЖШС, «Технологиялық көлікті басқару және ұңғымаларға қызмет көрсету» ЖШС, «СӨТБ» ЖШС, Argymak TransService ЖШС, «Кен-Құрылыс-Сервис» ЖШС, «KMG EP-Catering» ЖШС, «ҚазГӨЗ» ЖШС, «ӨЗЕНМҰНАЙ-СЕРВИС» ЖШС, «Орал ойл энд газ» ЖШС, «Тұлпар Мұнай Сервис» ЖШС, «Өріктау Оперейтинг» ЖШС, «ҚазТрансОйл» АҚ, «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ, «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС, «Аманкелді Газ» ЖШС, «Азия газ құбыры» ЖШС, «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКК» ЖШС, «KMG Systems & Services» ЖШС, «Caspi Bitum» БК» ЖШС, «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС, «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС, «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС, «KMG Drilling & Services» ЖШС, «KMG-Security» ЖШС, «Oil Construction Company» ЖШС, «Oil Services Company» ЖШС, «Маңғыстау-энергомұнай» ЖШС, «Мұнайтелеком» ЖШС, «Ойл Транспорт Корпорэйшн» ЖШС, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ.*

«Жұмыспен қамту» бөлімі есептілігінің шекаралары дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу процентінен астамы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен ҚМГ-ге тікелей немесе жанама түрде тиесілі ҚМГ еншілес және тәуелді ұйымдарын, сондай-ақ қызметін ҚМГ

бақылауға құқылы заңды тұлғаларды қамтиды. Бұрын 2018 және 2019 жылдары қызметкерлер санын есептеу ҚМГ-нің еншілес және тәуелді ұйымдары үшін жүзеге асырылған, онда дауыс беретін акциялардың елу және одан да көп проценті тікелей немесе жанама түрде меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен ҚМГ-ге тиесілі.

Қызметкерлердің нақты саны деп 2020 жылға орташа алғанда орташа жалақыны есептеу үшін қабылданатын сан түсініледі.

Тұрақсыздық коэффициентін есептеуге мыналар кіреді:

- Өз бастамасы бойынша жұмыстан босатылған жұмыскерлер – өз бастамасы бойынша жұмыстан босату туралы өтініш жазған, яғни өз қалауы бойынша жұмыс берушіге бұл туралы кемінде бір ай бұрын хабарлаған жұмыскерлер;
- Тараптардың келісімі бойынша жұмыстан босатылған жұмыскерлер – бұл Тараптардың бірі (жұмыскер немесе жұмыс беруші) еңбек шартын бұзуға ниет білдірген кезде, яғни: 1) өз қалауы бойынша жұмыстан босату туралы өтініш жазған және оны бұзудың осы негізін көрсеткен жұмыскерлер; 2) жұмыс берушіге хабарлау кезінде жұмыстан шығаруға келіскен жұмыскерлер;
- Жұмыскердің кінәсінен – бұл жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу, яғни ҚР Еңбек кодексінің 52-бабында сипатталған барлық жағдайлар.

### Толықтырулар, жорамалдар және деректерді жинау, шоғырландыру және есептеу әдіснамасының сипаттамасы

Есептің мәтініндегі деректер есеп көрсеткіштерін дөңгелектеуге байланысты шоғырландырылған қаржылық есептілікте (ШҚЕ) берілген деректерден болар-болмас айырмашылығы болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда ҚМГ интернет-сайтына орналастырылған тиісті ШҚЕ деректері дұрыс және аса маңызды. Есептемелердің әртүрлі әдіснамаларына және есептегі ақпаратты ашу тәсілдемелеріне байланысты келтірілген деректер бұрын жарияланған деректерден айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін.